



Кешенді банктік қызмет көрсетуге қосылу

ШАРТЫ

Осы Кешенді банктік қызмет көрсетуге қосылу шарты (бұдан әрі – Шарт) – «Kaspi Bank» АҚ-тың (бұдан әрі – Банк немесе Kaspi) және жеке тұлғаның (бұдан әрі – Клиент) арасында жасалатын шарт, оның талаптары стандарт нысандарда айқындалған және оларды Клиент ұсынылған Шартқа толығымен қосылу арқылы қабылдай алады.

1. Мақсаты және реттеу саласы

Шарт Клиенттердің құқықтарының қорғалу деңгейін арттыру, шарттардың талаптарын жақсарту, Kaspi-мен және оның серіктестерімен өзара әрекет еткен кезде жаңа технологияларды қолдану мүмкіндігін қамтамасыз ету және Клиенттерге қашықтан қызмет көрсету үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының қайтадан енгізілген талаптарына сәйкестендіру мақсатында өзірленді.

2. Шарттың жалпы талаптары

2.1. Егер мәтінде өзгеше тікелей көрсетілмесе, терминдердің, анықтамалар мен қысқарған сөздердің мынадай мағынасы бар:

- 1) **Авторландыру** – Картаны пайдаланып төлем жасауға Kaspi-дің рұқсаты. Авторландыру электрондық құрылғыларды пайдаланып, автоматтандырылған режимде немесе телефон байланысын пайдаланып, дыбыстық режимде (бұдан әрі – Дыбыстық авторландыру) жүзеге асырылады;
- 2) **Іске қосу** – Клиенттің Картаны пайдаланып шығыс Операцияларын жүргізуіне Карта шығарылған кезде белгіленген техникалық шектеуді жою рәсімі, ол Төлем лимитіне немесе қандай да бір басқа талаптарға қарамастан, Kaspi ұсынатын кез келген тәсілмен авторландыруды беруден бас тартуды көздейді;
- 3) **Банк күні** – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, Нұр-Сұлтан қ. уақытымен сағат 9.00-ден 19.00-ға дейінгі күнделікті уақыт кезеңі;
- 4) **Банктік қызмет көрсету** – осы Шартқа сәйкес Kaspi-дің көрсететін банктік қызметі;
- 5) **Банкомат** – Клиентке қолма-қол ақша алуға және Kaspi-дің басқа қызметтерін пайдалануға мүмкіндік беретін электрондық-механикалық құрылғы;
- 6) **Бұғаттау** – Картаны пайдаланып төлем жасауға толық немесе уақытша тыйым салу;
- 7) **Қайтарылатын төлем** – Kaspi-ге жазбаша шағым және т.с.с. беру арқылы Клиенттің Картаны пайдаланып жүргізген шығыс Операциясына наразылығын білдіруі және Клиенттің шағымының негізділігін Kaspi-дің мойындауы салдарынан Картага қызмет көрсету шотына аударылған ақша;
- 8) **Ұстаушы/Клиент** – Шарттың талаптарына сәйкес Картаны пайдалануға құқығы бар жеке тұлға;
- 9) **Импринтер** – Слипте Картаның оң жағының бедерін алуға мүмкіндік беретін механикалық құрылғы;
- 10) **Байланыс арнасы** – Клиент пен Kaspi-дің арасында ақпаратты беру құрапдарының бірі: Kaspi-дің айқындастырылған талаптарында және тәртібімен пайдаланылатын электрондық пошта (e-mail), пошталық байланыс, интернет-банкинг, ұялы банкинг, телебанкинг, USSD/SMS-хабар, телефон, факс, банкомат, POS-терминал, терминал, Жеке кабинет, Мобильді қосымша (соның ішінде Push-хабарлама арқылы), интернет-киоск, интернет-бөлімше, әлеуметтік желідегі Клиенттің парақшасындағы хабар, Kaspi-дің әлеуметтік желідегі ресми парақшасындағы хабар;
- 11) **Төлем карточкасы немесе Карта** – электрондық төлем құралы, онда оны ұстаушыға электрондық терминалдар арқылы немесе басқа Байланыс арналары арқылы төлемдер және (немесе) ақша аударымдарын жасауға не қолма-қол ақша алуға, не валюта айырбастауға, Kaspi айқындаған және оның талаптарында Несие лимитінің аясында Несиелер алуға және төлеуге мүмкін беретін ақпарат қамтылған. Несие желісі Қарыз алушыға Төлем карточкасы бойынша беріледі, Төлем карточкасын Kaspi пластикте және/немесе электрондық түрде шығарады, оның деректемелері туралы ақпарат соның ішінде Жеке кабинette QR-код түрінде және/немесе өзге Байланыс арналарымен беріледі;
- 12) **Клубтық жарна** – Сатып алуға берілген несие лимитінің аясында Клиентке серіктестерден тауарларды және қызмет көрсетуді сатып алуға мүмкіндік беретін Kaspi Red картасына қызмет көрсеткені үшін жарна;
- 13) **Кіру коды** – Клиент Kaspi-ге хабарласқан кезде Байланыс арнасы арқылы Клиентті сәйкестендіру мақсатында айтылатын Клиенттің ақпаратына кірудің жеке цифрлық коды және/немесе әріптік коды;
- 14) **ДСЖК** – Электрондық банктік қызмет көрсеткен кезде Клиентке Байланыс арнасы арқылы хабарланатын динамикалық сәйкестендіру жүйесінің коды;
- 15) **Жеке кабинет** – Клиентті сәйкестендірген және аутентификациялаған кезде, Kaspi.kz немесе Мобильді қосымша арқылы кіруге болатын ақпараттық кеңістік, ол Kaspi айқындаған электрондық банктік қызметтерді Клиентке көрсетуге және шарттарда көзделген өзге мақсатқа арналған;

- 16) **Женілдік кезеңі (немесе грейс-кезең)** – шарттарда көзделген комиссиялар есептеле мейтін және ұсталмайтын не кейбір қызмет ақысын төлеуге женілдік берілетін немесе шарттардың талаптарын өзге жеке уақытша жақсартулар берілетін уақыт кезеңі, соның ішінде Kaspi айқындастырылған грейс-кезең. Женілдік кезеңі бір немесе бірнеше адамға, бір немесе бірнеше Операцияға қатысты Kaspi анықтайтын уақыт аралығында қолданылуы мүмкін. Женілдік кезеңін беру талаптары тиісті ақпаратты Сайтта жариялау арқылы және/немесе Байланыс арналарының біреуімен хабарлама жолдау арқылы хабарланады;
- 17) **ХТЖ** – MasterCard WorldWide/ Visa International / American Express Card / JCB / Diners Club / China UnionPay / PPS PayPal халықаралық төлем жүйелері, Kaspi төлем жүйесі және басқалары – бір-бірімен белгілі бір ережелермен біріккен және төлем карталарының технологияларын пайдалану негізінде өзара қарым-қатынас орнататын есеп айырысуға қатысушылардың және олардың есеп айырысу агенттерінің жүйесі. ХТЖ жұмыс істеу ережелерін белгілейді және өз қатысушыларына ақпараттық қолдау көрсетеді;
- 18) **Мультивалюталық қызмет көрсету** – Клиенттің Шоттары бойынша Байланыс арнасы арқылы аударыммен, валюта айырбастаумен байланысты Операцияларды жүргізу мүмкіндігін және Kaspi айқындаған және Сайтта жарияланған талаптарда басқа да әрекеттердің көздейтін банктік қызметтер кешені;
- 19) **Операция** – қолма-қол ақша алу, шоттарға ақша салу, валюта айырбастау, тауарлар мен қызмет көрсету ақысын төлеу және Шот-көшірмеме көрсетілетін басқа да операциялар;
- 20) **Дербес талаптар** – жеке талаптар және женілдік кезеңін/промо-кезеңді беруден көрінетін Kaspi қызметтерін ұсыну туралы ақпарат және/немесе шартты жасасқан сәтте айқындалған талаптарды жақсартуға бағытталған, Kaspi айқындаған қызмет көрсетудің өзге параметрлері;
- 21) **ДСН-коды немесе PIN** – автоматтандырылған режимде авторландырылған кезде Клиенттің сәйкестендіру үшін пайдаланылатын дербес сәйкестендіру нөмірі, жеке цифрлық код;
- 22) **Төлем лимиті** – ақша сомасы, оның шегінде Ұстаушының Картаны пайдаланып, шығыс Операцияларын жүргізуге құқығы бар. Оған теңдеге Шоттардағы ақшаның оң қалдығы мен шоттарда әлі көрсетілмеген Операциялар сомасын шегеріп тастағанда несие лимиттерінің Қолжетімді қалдықтары кіреді;
- 23) **Промо-кезең** – банктік қызмет көрсету және/немесе сервис-пакет шарттарының қолданылу мерзіміне қарамастан, банктік қызмет көрсетудің және/немесе сервис-пакеттің кейбір қызметтері тегін негізде ұсынылатын уақыт кезеңі;
- 24) **Сайт** – www.kaspibank.kz, www.kaspi.kz мекенжайындағы интернет-ресурс немесе Банктің ресми интернет-ресурсы ретінде www.kaspibank.kz сайтында сілтеме жасалған өзге интернет-ресурс;
- 25) **Слип** – дыбыстық авторландыру режимінде Картаны пайдаланып, шығыс Операцияларын жүргізу құқығы бар. Оған теңдеге Шоттардағы ақшаның оң қалдығы мен шоттарда әлі көрсетілмеген Операциялар сомасын шегеріп тастағанда несие лимиттерінің Қолжетімді қалдықтары кіреді;
- 26) **СМС-сервис** – Шотқа қызмет көрсету бойынша қызмет, оның аясында Картаны пайдаланып, Шот бойынша Операция жүргізу туралы мәліметтер беріледі;
- 27) **ТКЖ (Kaspi-дің төлем карталарының жүйесі)** – төлем карточкаларын пайдаланып, төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жасауды қамтамасыз ететін бағдарламалық-техникалық құралдар, құжаттама мен үйімдастыру-техникалық іс-шаралар жиынтығы.
- 28) **Стоп-парақ** – жоғалған, ұрланған және тосқауыл қойылған Карталардың нөмірлерінің тізімі;
- 29) **Шот** – Шарт бойынша Клиентке ашылатын ағымдағы банктік шоттар, Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шартта көзделген Операцияларды орындау үшін олардың біріне Картаны арқылы қол жеткізіледі;
- 30) **Шот-көшірме** – Клиенттің сұратуымен жүргізілетін және Шот бойынша жүргізілген Операциялар көрсетілетін Шот бойынша үзінді көшірме;
- 31) **Тариф/Тарифтер** – Картаны арқылы Операциялармен байланысты Сайтта көрсетілген Kaspi тарифтері;
- 32) **Тарифтік жоспар** – Шарт бойынша қызмет көрсетудің кейбір талаптары мен кейбір тарифтері кіретін банктік қызметтердің типтік түрінің шартты атауы;
- 33) **Терминал** – Банкомат, электрондық терминал, ресайклер (ақшаны қабылдау және беру функциясы бар құрылғы), автоматтандырылған кассалар және қолма-қол ақша қабылдау және (немесе) беру, төлем жасау және ақша аудару бойынша операцияларды, айырбастау операцияларын және басқа да банктік операцияларды, соның ішінде төлем карталарын (алдын ала төленген карточкаларды), электрондық ақшаны пайдаланып операциялар жүргізуге, сондай-ақ тиісті операциялардың өткізілгенін растаның құжаттарды жасауға арналған өзге электрондық-механикалық құралдар;
- 34) **Техникалық овердрафт немесе Овердрафт** – Клиенттің Шоттарға меншікті ақшасының қалдығынан тыс немесе белгіленген лимиттен тыс жұмсалған ақша сомасы (Лимиттен тыс берешек). Kaspi көрсеткен қызметтерінің құнын алған кезде де Техникалық овердрафт пайда болуы мүмкін;
- 35) **Kaspi-дің Экожүйесі** – Kaspi-дің сервистерінің, өнімдері мен инфрақұрылымының жиынтығы (бөлек немесе жиынтығында), соның ішінде шоттарды ашу, төлемдер мен аударымдар жасау, бөлімшелер, кассалар, Терминалдар, банкоматтар, өзге жабдық, Kaspi.kz сайты, Kaspi.kz мобильді қосымшасы және өзге бағдарламалық қамсыздандыру, Kaspi-дің төлем карталары, Call Center-де қызмет көрсету және электрондық ақпараттық және транзакциялық қызмет көрсетуді қосқанда, Шарт бойынша қызмет көрсету мүмкіндігін қамтамасыз ететін өзге құралдар;
- 36) **Kaspi Red** – бөліп төлеуге сатып алуға берілген несие лимиті;
- 37) **QR код** – Kaspi-дің, Серіктестердің қызметтеріне қолжетімділікті қамтамасыз ету, Серіктесті, Клиентті, тауар (жұмыс, қызмет) туралы деректерді, Картаның деректемелерін сәйкестендіруге, сондай-ақ Kaspi қабылдайтын, машина оқытын көрнекі штрих кодтарды пайдаланып жүргізілетін Операцияға нұсқау беруді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін Операцияларды жүргізу, электрондық ақпараттық және транзакциялық банктік қызметтерді көрсету технологиясы.

2.2. Шартты жасасқанда және орындағанда пайдаланылатын өзге терминдер мен анықтамалардың ХТЖ ережесінде, баспасөзде орналастырылған Стандарт ережелерде, ӘБҚҚ ережесінде, Сайтта орналастырылған

ақпараттық банктік қызметтерге арналған жария шарттың талаптарында және Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған мағынасы бар.

2.3. Клиенттермен қарым-қатынас (соның ішінде Байланыс арналары арқылы) орнату, банктік қызмет көрсету талаптарын түсіндіру, ұсынылған, соның ішінде Клиент Шартқа қосылған күнге дейін ұсынылған Жеке талаптарды түсіндіру мақсатында 1.1-тarmaқта жазылған терминдердің мағынасына Сайтта орналастырылған ақпараттық банктік қызметтерге арналған жария шарттың талаптарында көзделген анықтамалар пайдаланылуы мүмкін.

3. Шарттың мәні

3.1. Kaspi әлектрондық немесе өзге түрде Картаны шығарады, оны Клиентке беріп, оған Қызмет көрсетеді, оны Клиент Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен тауарлардың/қызмет көрсетулердің ақысын төлеу немесе қолма-қол ақша алу үшін және Kaspi-мен жасалған тиісті шарттардың талаптарында анықталған тәртіппен өзге мақсаттар үшін пайдаланады және Kaspi Шартта көзделген банктік қызметтерді көрсетеді, Kaspi Экожүйесінің жұмыс істеуін және оған қолжетімділікті қамтамасыз етеді, Клиенттің Шотын ашады, оған қызмет көрсетеді және жабады, ал Клиент Шарт бойынша қызмет ақысын төлейді.

3.2. Шартқа сәйкес Картага қызмет көрсету аясында Клиентке Сайтта орналастырылған тиісті Шартта көзделген әлектрондық банктік қызметтер көрсетіледі және Kaspi-дің Экожүйесінің жұмыс істеуі қамтамасыз етіледі.

3.3. Шоттар бойынша операциялар Шартта көзделген тәртіппен, ал операцияларды www.kaspi.kz интернет-ресурсының көмегімен жүргізген кезде де www.kaspi.kz интернет-ресурсындағы Банктік қызмет көрсету шартында және www.kaspibank.kz сайттарында орналастырылған «Kaspi Bank» АҚ-тың әлектрондық банктік қызмет көрсету ережелерінде (бұдан әрі – ЭБҚК ережесі) белгіленген талаптарда жасалады.

3.4. Клиент Kaspi-дің қызмет ақысын операцияларды жүргізген кезде Тарифтерге және/немесе Дербес талаптарға сай қолма-қол ақшасыз тәртіппен, қолма-қол ақшамен, Клиенттің шоттарын тікелей дебеттеу арқылы және/немесе операциялар жүргізген кезде Клиенттің шотынан немесе Клиенттің Kaspi-дегі немесе басқа банктердегі кез келген өзге банктік шотынан ақшаны акцептсіз тәртіппен алу не болмаса ақшаны қамсыздандыру жарнасына салу арқылы төлейді.

3.5. Шартқа қосылу Клиенттің өзі қол қойған қағаз тасымалдаушыдағы немесе Байланыс арналары арқылы әлектрондық түрдегі Өтінішті беруі арқылы жүзеге асырылады. Өтініш Kaspi белгілеген нысан бойынша толтырылады және Шартқа сай акцепттеледі. Шарт Шартқа қосылу туралы талаптар жазылған шартқа қол қою арқылы жасалуы мүмкін. Клиентке ағымдағы шот ашу, жеке сәйкестендіру кодын хабарлау және Шартқа сәйкес төлем картасын шығару арқылы Өтініш акцепттеледі.

3.6. Осы Шартта аталған өзге қызметтерге қатысты Kaspi осындай қызметтерді көрсету туралы тиісті өтінішті (өтініштерді) қабылдаған немесе Клиент Шарт бойынша осы қызметтерді көрсетуге келісім бергенін білдіретін әрекеттерді жасаған сәттен бастап Шарт жасалған болып саналады.

3.7. Шарт оны Клиент шартқа қол қою арқылы қабылдаған не Байланыс арналары арқылы келісім білдірғен сәттен бастап төмендегі үлгі ережелердің аясында Клиентпен бұрын жасалған шоттар бойынша Kaspi мен Клиенттің арасындағы қатынастарды да реттейді:

- 1) «Крыша» баспа басылымының 02.04.2009 ж. № 13 санында жарияланған Төлем карточкаларын беру және оларға қызмет көрсету туралы шартты, банк қарызы шартын және банк шотын жасасудың Бас (үлгі) шоттары (1-нұсқа) (банктік шоттарға және төлем карточкаларына қызмет көрсету бөлігінде);
- 2) «Капитал» баспа басылымының 2011 жылғы 20 қаңтардағы № 02 (287) санында жарияланған «Kaspi Bank» АҚ банктік қызмет көрсету шоттарының Бас (үлгі) ережелері (2-нұсқа) (банктік шоттарға қызмет көрсету, сервис-пакет қызметі және төлем карточкалары белігінде);
- 3) «Деловой Казахстан» баспа басылымының 2011 жылғы 5 тамыздағы № 29 (276) санында жарияланған «Kaspi Bank» АҚ банктік қызмет көрсету шоттарының Бас (үлгі) ережелері (3-нұсқа) (банктік шоттарға қызмет көрсету, сервис-пакет қызметі және төлем карточкалары белігінде);
- 4) «Капитал» баспа басылымының 2013 жылғы 21 наурыздағы № 11 (390) санында жарияланған «Kaspi Bank» АҚ банктік қызмет көрсету шоттарының Бас (үлгі) ережелері (4-нұсқа) (банктік шоттарға қызмет көрсету, банктік кешенді қызмет көрсету, сервис-пакет қызметі және төлем карточкалары белігінде);
- 5) Клиенттерге арналған «Просто о финансах» журнالының 2013 жылғы 28 мамырдағы # 2 (18) санында жарияланған «Kaspi Bank» АҚ банктік қызмет көрсету шоттарының Бас (үлгі) ережелері (5-нұсқа) (банктік шоттарға қызмет көрсету, банктік кешенді қызмет көрсету, сервис-пакет қызметі және төлем карточкалары белігінде);
- 6) клиенттерге арналған «Просто о финансах» журнالының 2014 жылғы 30 наурыздағы # 2 (23) санында жарияланған «Kaspi Bank» АҚ кредит картасына қызмет көрсетудің және оны берудің стандарт ережелері;
- 7) «Литер» газетінің 01.07.2016 ж. № 97 (2976), «Айқын» газетінің 01.07.2016 ж. № 97 (2973) сандарында жарияланған «Kaspi Bank» АҚ-тың Несие мен несие желісін берудің стандарт ережелері (банктік шоттарға және төлем карточкаларына қызмет көрсету бөлігінде).

4. Картаны беру және төлем жасау талаптары

4.1. Карта Клиентке Картаны пайдалану ережесінде көрсетілген тәсілдермен беріледі.

4.2. Негізгі Картаның ұстаушысы Шоттың иесі болып табылады.

4.3. Kaspi бір Шот бойынша бірнеше қосымша Карта беруге құқылы. Қосымша Карталарды шығару және оларға қызмет көрсету тәртібі жөнінде Шартқа тиісті өзгерістер енгізілгеннен кейін немесе Шартта осындай шығару және қызмет көрсету талаптары бар болған кезде қосымша Карталарды шығару қызметі көрсетіледі.

4.4. Клиенттерге ТКЖ Картасты қосымша құжаттарды берусіз шығарылады.

Клиенттің Kaspi.kz-те және (немесе) Терминалдарда Операцияларды жасауы және (немесе) Kaspi.kz-ке тіркелуі

ТКЖ және/немесе Kaspi.kz төлем жүйесінің Картасын шығаруға негіз болады.

4.5. ТКЖ картасы электрондық түрде шығарылады.

4.6. ТКЖ картасы Kaspi-дегі шоттардың арасында Операциялар жүргізу үшін, соның ішінде Kaspi.kz, Kaspi Терминалдары арқылы қарызды өтеу мақсатында, соның ішінде QR-кодын және (немесе) Kaspi қолдайтын Клиенттің өзге сәйкестендіру деректерін қолданып пайдаланылады.

4.7. ХТЖ карталары Шотқа нұсқаулар беру үшін оларды тікелей қолданғанда және (немесе) олардың деректемелерін қолданғанда, Kaspi мұндай мүмкіндік бергенде, соның ішінде Kaspi-ге тиесілі емес құрылғылар арқылы, және, егер Шарттың 4.6-тармағында аталған операцияларды жүргізу ТКЖ-ны қолданып, мүмкін болмайтын жағдайда, пайдаланылады.

4.8. ТКЖ-мен операциялар Қазақстан Республикасының аумағында жүргізіледі.

4.9. Карталарды пайдалану тәртібі мен Клиенттерге берілген тиісті өкілеттіктерінің көлемі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, тиісті ХТЖ және (немесе) ТКЖ нормаларымен, Шартпен және Шарттың ажырамас бөліктегі болып табылатын Карталарды пайдалану ережесімен (Шарттың № 1 қосымшасы) реттеледі.

4.10. Кarta немесе оның нөмірі де Kaspi мен үшінші тұлғалардың бірлескен бағдарламаларының (адалдық бағдарламаларының, бонустық және өзге бағдарламаларының) аясында, соның ішінде банктік ақпараттық жүйеде және үшінші тұлғалардың ақпараттық жүйелерінде Банктің және үшінші тұлғалардың Клиентті сәйкестендіру құралы болып табылады.

4.11. ХТЖ-мен есеп айырысу валютасы – АҚШ доллары не EURO, не қолданылатын ХТЖ ережелеріне сәйкес өзге валюта. ХТЖ есеп айырысу валютасында Операция жүргізген кезде, мұндай Операцияның сомасы Kaspi-дің Шоттан ақшаны есептен шығарылған күні белгілеген есеп айырысу валютасына шаққанда теңгенің айырбастау бағамы бойынша Клиенттің Шотынан акцептсіз тәртіппен алышады.

4.12. Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары ХТЖ арқылы ХТЖ есеп айырысу валютасынан өзгеше валютада Операция жүргізген кезде:

4.12.1. Мұндай Операцияның сомасы Kaspi-дің ХТЖ-мен осы Операция бойынша есеп айырысқан күні ХТЖ қолданатын айырбастау бағамы бойынша ХТЖ-ның ережесімен айқындалған есеп айырысу валютасына айырбасталады;

4.12.2. Есеп айырысу валютасындағы Операцияның сомасы Шоттан ақша есептен шығарылған күні Kaspi белгілеген есеп айырысу валютасына шаққанда теңгенің айырбастау бағамы бойынша Клиенттің Шотынан акцептсіз тәртіппен алышады.

4.1. 13. Жүргізу валютасы Қазақстан Республикасының аумағында ХТЖ және (немесе) ТКЖ арқылы жүргізілген Операция валютасынан басқа Шоттан акцептсіз тәртіппен Kaspi Шоттан ақшаны есептен шығарған күні Kaspi-дің ішкі талаптарына сәйкес белгіленген айырбастау бағамы бойынша Операция сомасына балама Шотты жүргізу валютасындағы сома алышады.

4.1.14. Шоттың валютасы Қазақстан Республикасының аумағында ХТЖ және (немесе) ТКЖ арқылы жасалған Шотқа ақша есептеу (салу) операциясы бойынша Операция валютасынан басқа болған жағдайда, Операция сомасы Kaspi Шотқа ақша аударған күні Kaspi-дің ішкі талаптарына сәйкес белгіленген валютаны айырбастау бағамы бойынша Операция сомасына балама сомада Шот валютасында Шотқа аударылады.

4.1.15. Шартқа қосыла отырып, Клиент Kaspi-ге:

4.15.1. Шоттың талаптарында көзделген мақсатта оның Шотын, соның ішінде Шотқа қате аударылған ақшаны, сондай-ақ Kaspi-дің алдындағы кез келген берешек сомасын тікелей дебеттеуге;

4.15.2. Kaspi-дің алаяқтық операциялар екеніне күмәні болған кезде (үшінші тұлғалардың Картаны не болмаса ДСН-кодын рұқсатсыз пайдалану қаупінің алдын алу үшін) мән-жайды анықтағанға дейін Клиентке хабарламай Картага тосқауыл қоюға келісім береді. Бұл жағдайда Kaspi өз қалауы бойынша Картага тосқауыл қоюға құқылы, бірақ міндетті емес;

4.15.3. Өзі туралы дербес деректерді, соның ішінде банк құпиясын, сондай-ақ Тараптардың өз міндеттемелерін орындауына байланысты ақпаратты байланыс қызметін, сақтандыру қызметін, өзге қызметтерді ұсынатын үшінші тұлғаларға беруге, жинауга, өндеуге Kaspi-ге өз келісімін береді. Банк алған дербес деректер тарап ретінде Клиент пайда алушы немесе мұдделі тұлға болып табылатын шарттарды жасасу және орындау үшін; оларды орындауға мәжбүрлеу немесе берешекті өндіріп алу үшін, клиенттің құқықтары мен міндеттерінің тиісінше іске асырылуын қамтамасыз ету үшін; мәліметтерді анықтау үшін, соның ішінде алаяқтық операцияларға жол бермеу мақсаты үшін; шарттарды орындауға байланысты ақпаратты, үшінші тұлғалардың бірлескен бағдарламаларына (адалдық бағдарламаларына) қатысатын үшінші тұлғалардың мәліметтері мен ақпаратын Клиенттің назарына жеткізу үшін; сақтандыру, пошталық үйымдарға, байланыс үйымдарына беру үшін; мерзімі өткізілген берешекті өндіріп алу үшін коллекторлық және басқа үйымдарға, сондай-ақ жеке тұлғаларға беру үшін пайдаланылады және пайдаланылуы мүмкін.

4.16. Kaspi Red картасына қызмет көрсетілгені үшін комиссияны (Клубтық жарна) төлеу жағдайларынан басқа, Клиент жол берген Овердрафт тез арада өтелеуге тиіс.

4.17. Банкпен жасалған шарттар бойынша берешекті өтеу міндеті туындаған сәттен бастап Шотқа түсетін ақша ағымдағы күнгі берешекті төлеуге жіберіледі.

4.18. Картага қызмет көрсету шотында Төлем лимиті жеткіліксіз болған жағдайда, Клиентке:

1) Тауарлардың, жұмыстар мен қызмет көрсетулердің, сауда және сервис көсіпорындарының (ССК), соның ішінде сақтандыруышының қызмет ақысын төлеу бойынша шығыс Операцияларын, Картаны (оның деректемелерін) пайдаланып банктік аударымдар жасау;

2) Клиенттің есептеген төлемдерді, комиссияларды және шарттар мен Тарифтерге сай Kaspi-ге тиесілі өзге де төлемдерді төлеуі үшін қажетті мөлшерде Овердрафт беріледі.

4.19. Овердрафтқа жол берілген кезде және Овердрафттың лимиті артық болғанда, Kaspi Тарифтерде немесе Жеке талаптарда белгіленген мөлшерлерде комиссия немесе тұрақсыздық айыбын төлеуді талап етуге құқылы.

4.20. Kaspi Овердрафт беруден бас тартуға құқылы.

4.21. Картаның қолданылу мерзімі Картада көрсетіледі немесе Байланыс арнасы арқылы хабарланады. Карта Картада көрсетілген ай мен жылдың соңғы күніне (қоса алғанда) дейін немесе Байланыс арнасы арқылы Картаның деректемелерін хабарлаған кезде көрсетілген ай мен жылдың соңғы күніне (қоса алғанда) дейін немесе Байланыс арналарының бірімен хабарланған өзге мерзімге дейін қолданылады. Kaspi картаның қолданылу мерзімінің аяқталатыны туралы Клиентке Kaspi-дің бөлімшелеріне Клиент келген кезде жеке өзіне немесе оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін құнтізбелік 10 күн бұрын Kaspi-дің таңдауы бойынша Байланыс арналарының бірімен хабарлайды. Картаның деректемелері Байланыс арналары арқылы электрондық түрде берілуі мүмкін.

4.22. ДСН-кодын, ЭЦҚ-ны, Кіру кодын немесе ДСЖК-ны енгізгенде расталған, Kaspi анықтаған қорғалған режимде Байланыс арнасы арқылы орындалған, ақшага иелік ету, төлем нұсқауларын жасау, сауалнама деректерін өзгерту бойынша Клиенттің әрекеттері Клиенттің Kaspi-де жеке өзі жасаған жазбаша өкіміне теңестіріледі.

4.23. Клиент жоғалған/ұрланған немесе басқа жолмен жойылған Картаға тосқауыл қою туралы талабымен Kaspi-ге хабарласқанға дейін жүргізілген Операцияларды Клиент жеке өзі жүргізген болып саналады.

4.24. Клиент қажетті құжаттарды бергеннен кейін немесе Шартта көзделген әрекеттерді жасағаннан кейін шоттар ашылып, Карта шығарылады.

4.25. Kaspi төмендегі талаптарды ескере отырып, Клиентке Картаны шығарады:

- 1) Карта, соның ішінде қосымша карта Клиенттің жеке өзіне немесе поштамен тапсырысты хат жолдау арқылы немесе курьер арқылы немесе Картаны электрондық түрде шығарған/қайта шығарған жағдайда, Байланыс арналарының бірі, соның ішінде Жеке кабинет, мобильді қосымша, Телефон нөміріне СМС-хабар жіберу арқылы Клиентке Картаның деректемелерін хабарлау арқылы беріледі;
- 2) ДСН-код Клиент Kaspi-дің Call Center қызметіне хабарласқан кезде немесе Kaspi-дің қалауы бойынша басқа да Байланыс арнасы арқылы Клиентке хабарланады;
- 3) Шартқа сай шығарылған барлық Карталар Kaspi-дің меншігі болып табылады және оларды Клиент Kaspi-дің бірінші талап етуімен қайтаруга тиіс;
- 4) Өзінің атына шығарылған адамғана Картаны Операция жүргізу үшін пайдалана алады. Бұл ретте Картаны пайдалануға және Операцияларды жүргізуге қатысты Шартта белгіленген барлық талаптар Қосымша картаны ұстаушыға қолданылады;
- 5) Қолданылу мерзімінің өтүіне байланысты Карта Kaspi-дің таңдауы бойынша Байланыс арналарының бірімен Картаның деректемелерін Ұстаушыға беру арқылы электрондық түрде автоматты түрде қайта шығарылуы мүмкін. Қайта шығару Картаның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін немесе кейін кез келген кезеңде жүзеге асырылуы мүмкін.

4.26. Клиенттің Картаны пайдаланып, шығыс Операцияларын жүргізуі бастауы үшін, Карта іске қосылмаған жағдайда, Клиент алынған Картаны Іске қосу үшін мынадай тәсілдердің бірімен:

- 1) Клиент жеке өзі барған кезде (Клиент жеке басын күеландыратын құжатты берген кезде);
- 2) Call Center телефоны бойынша, Клиент мұндай қоңырауларды Телефон нөмірі арқылыға сокқан кезде;
- 3) Іске қосу үшін көзделген басқа да Байланыс арнасы арқылы Kaspi-ге хабарласады.

4.27. Шарт жасасу арқылы Клиент:

- 1) Үшінші тараптың ақы төлеуге Картаны қабылдауын талап етуге;
- 2) Техникалық ақаулар туындаған кезде (байланыс желілерінің немесе жұмыс істеуі Kaspi-ге байланысты емес коммуникациялық жабдықтың істен шығуы) немесе үшінші тұлғаның Операция жүргізуден бас тартуына (соның ішінде басқа банктердің операция жүргізуден бас тартуы немесе Картамен жүргізілетін операциялар бойынша шектеулер енгізуіне) байланысты себеппен Операциялардың жүргізілуін қамтамасыз етуге);
- 3) Картаның/Карталардың Ұстаушысы/Ұстаушылары болған елдің валюталық немесе өзге нормативтік шектеулеріне әсер етуге;
- 4) Басқа банктердің Картаны пайдалануы арқылы қолма-қол ақша алу сомасына белгілеген лимиттеріне әсер етуге;
- 5) Үшінші тұлғалардың қандай да бір деңгейде Картаның/Карталардың Ұстаушысының/Ұстаушыларының мүдделерін қамтыған әрекеттеріне әсер етуге Kaspi-дің мүмкіндігі жоқ екенін мойында, онымен келіседі.

4.28. Картаға қызмет көрсеткені үшін комиссия Тарифтерге және/немесе Дербес талаптарға сай төленеді.

4.29. Клиент екінші және одан кейінгі есептік кезеңдердің бірінші күні Kaspi Red Клубтық жарнасын төлейді, аталған комиссия Овердрафт есебінен төленген жағдайда, төленген комиссия бойынша берешек Ақы төлеу шотына сай үш тен төлемдермен өтеді. Kaspi Red Картасы бойынша қарызды мерзімінен бұрын өтеген жағдайда, Овердрафт бойынша берешек мерзімінен бұрын өтейтін күні біржолғы төлеммен толық көлемде өтелеуге тиіс.

Шарттың осы тармағының мақсаттары үшін есептік кезең – келесі тәртіппен есептелетін бір жылға тен уақыт кезеңі:

- 1) Бірінші есептік кезең Kaspi Red Картасы бойынша лимитті алған күннен бастап есептеледі.
Kaspi Red лимитін алған күнге дейін бұрын алынған осындай Kaspi Red лимиті жабылса/тоқтатылса, бірінші есептік кезеңнің басталатын күні – жаңа Kaspi Red лимитін алған күннен бастап Шот бойынша бірінші шығыс Операциясы көрсетілген күн;
- 2) Екінші және кейінгі есептік кезеңдері алдыңғы есептік кезең өткеннен кейін жүргізілген бірінші шығыс Операциясы Шот бойынша көрсетілген күннен бастап есептеледі.

5. Банктің шоттарды ашу және жүргізу талаптары

5.1. Kaspi – «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ-тың қатысушысы және 31.10.2008 жылғы № 011 күнінде негізінде әрекет етеді. Мәжбүрлеп таратылған жағдайда, Kaspi-дің Клиенттің шоттарынан ақша қалдығының қайтару міндеттемелері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке тұлғалардың

салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) объектісі болып табылады.

5.2. Шарт жасалған сәтте Шот болған кезде мұндай шотқа қызмет көрсету бойынша Тараптардың арасындағы қарым-қатынас Шартпен реттелуі мүмкін.

5.3. Kaspi Байланыс арнасы арқылы алған Клиенттің өтініші бойынша ЭБҚК ережелерінде көзделген жағдайларда, ондағы тәртіппен және талаптарда Клиентке қашықтан банктік, соның ішінде жинақ шоттарын ашу бойынша электрондық банктік қызметтерді көрсетеді.

5.4. Клиент Шотты қесіпкерлік қызметті, адвокаттық, жеке нотариаттық қызметті, сондай-ақ жеке сот орындаушысының қызметтің жүргізу мақсатында пайдаланбауға міндеттенеді.

5.5. Осы Шарттың аясында төмендегі банктік шоттар:

- 1) Картага қызмет көрсету шоты;
- 2) Банктік қызмет көрсету шоты;
- 3) Жинақ шоты ашылуы мүмкін.

5.6. Клиенттің ақшасын есепке алу мақсатында әр шотқа Байланыс арнасы арқылы Клиентке хабарланатын жеке сәйкестендіру коды беріледі. Банктік шоттар қесіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес мақсатта ашылады.

5.7. Шоттар Клиент өз Өтінішінде немесе Шартта көрсеткен валюталарда ашылады.

5.8. Шоттарды жүргізудің негізгі талаптары:

- 1) Шоттар Клиентке Шарт жасалған күні ашылады;
- 2) Шоттың жеке сәйкестендіру коды Байланыс арнасы арқылы хабарланады;
- 3) Шот қазақстандық теңгеде ашылады және жүргізіледі;
- 4) Картага қызмет көрсету шотындағы ақша Картамен жүргізілетін, оған қоса, бірақ шектелмей: сауда/сервис қесіпорындарында тауарлардың құнын/қызмет ақысын төлеу, POS-терминал, Импринтер арқылы жүргізілетін операциялар бойынша есеп айырысу үшін, сондай-ақ қолма-қол ақша алу үшін пайдаланылуы мүмкін;
- 5) Шоттар бойынша ақша аударуға және оны есептен шығаруға байланысты қызмет ақысы Операция жүргізілген сәттегі Тарифтерге сай төленеді.

5.9. Kaspi Клиенттің Жеке кабинетінде көрсету арқылы Клиентке Шот-көшірмені ай сайын жолдайды. Шот-көшірменің ақпараттық сипаты бар және онда Шотта көрсетілген Операциялар туралы, төлем карточкасының деректемелері, есептік кезеңдегі бірінші және соңғы күн туралы ақпарат; төлем карточкасын пайдаланып жасалған әр төлемнің сомасы мен жасалған күні; төлем карточкасын пайдаланып төлем жасағаны үшін Клиенттен ұсталған комиссиялық төлем мөлшері және шарттарға және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де ақпарат, сондай-ақ Kaspi Клиенттің назарына жеткізілуі тиіс деп санайтын ақпарат жазылады.

5.10. Клиент Kaspi-дің басқа ұйымдардан ақша түсү мерзімдерін бақылауға немесе реттеуге не болмаса ақша аударғаны үшін алынатын комиссиялардың мөлшерлеріне әсер етуге мүмкіндігі жоқ екенімен келіседі.

5.11. Клиенттің пайdasына қолма-қол ақшасыз төлеммен түскен ақша тиісті түрде ресімделген төлем құжаттарының негізінде аударылады.

5.12. Клиент пополняет счета путем взноса денег наличными или безналичным перечислением. Kaspi вправе установить ограничения по совершению операции по пополнению счетов наличными деньгами в кассе или Терминале и при осуществлении безналичных переводов по пополнению Счета посредством платежной карты, эмитентом которой Kaspi не является.

5.13. Клиент шоттарды қолма-қол ақшамен немесе қолма-қол ақшасыз тәсілмен ақша салу арқылы толтырады. Kaspi қолма-қол ақшамен кассада немесе Терминалда шоттарды толтыру операциясы бойынша және Kaspi эмитенті болып табылмайтын төлем картасы арқылы Шотты толтыру бойынша қолма-қол ақшасыз аударымдар жасаған кезде шектеулер белгілеуге құқылы.

5.14. Егер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында өзгеше белгіленбесе, үшінші тұлғалардың Шоттарға ақша салуына жол беріледі.

6. Тараптардың міндеттері

6.1. Kaspi:

- 1) Клиент Өтініш берген сәттен бастап 30 (отыз) банк күні ішінде Картаны дайындал, оны немесе оның деректемелерін (электрондық түрде шығарылған кезде) беруге;
- 2) Авторландыру мүмкіндігін қамтамасыз етуге;
- 3) Барлық қажетті төлем құжаттарын алған сәттен бастап заңнамада белгіленген мерзімдерде Клиенттің банктік шоттарына ақша аударуға;
- 4) Клиентке Kaspi-дің қалауы бойынша Байланыс арнасы арқылы электрондық тәсілмен немесе Kaspi-дің бөлімшесінде Тарифтерге сай Шот-көшірмені беруге;
- 5) Клиентке Картаны пайдалану ережесіндегі және Тарифтердегі барлық өзгерістер туралы Kaspi-дің қалауы бойынша мынадай бір немесе бірнеше әдіспен: Клиент Kaspi-дің бөлімшесіне келген кезде жеке өзіне, мұндай өзгерістер күшіне енгенге дейін күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын, одан кешіктірмей Байланыс арнасы арқылы, Kaspi-дің операциялық залдарына хабарландырулар ілу арқылы, сондай-ақ Сайттарда жариялау арқылы хабарлауға міндеттенеді.

6.2. Клиент:

- 1) Қолданыстағы Тарифтерге сай Kaspi-дің барлық қызметтің ақысын, соның ішінде Kaspi Red несие лимитін алған кезде (оны берген жағдайда) Клубтық жарнаны төлеуге;
- 2) Шот бойынша операцияларды жүргізгені үшін, егер олар жүргізілгенге дейін Kaspi-ге Картага тосқауыл қою немесе оның күшін жою туралы өтініш жолданбаса, даусыз тәртіппен есеп айырысуға;

- 3) Өтніште көрсетілген түрғылықты жерінің мекенжайының, жұмысы мен үйінің телефон нөмірлерінің және басқа да деректерінің өзгеруіне байланысты барлық жағдайлар туралы Kaspi-ге осындай өзгерістер енгізілген күннен бастап 5 (бес) банк күні ішінде хабарлауга;
- 4) Шарттың құпия болып табылатын талаптарын ашпауға, сондай-ақ тұратын мекенжайының, ұялы телефон нөмірінің, Клиенттің жеке басын күәландыратын құжаттарының өзгерген, Клиенттің жеке басын күәландыратын құжаттары жоғалған барлық жағдайлар туралы Kaspi-ге міндетті түрде дереу хабарлауга;
- 5) ДСН-кодты, ДСЖК, Жеке кабинетке кіретін логин мен парольді, сондай-ақ Kіру кодтарын Kaspi-дің қызыметкерлерін қосқанда, ешқандай үшінші тұлғаларға хабарламауға;
- 6) Техникалық овердрафтты уақытылы өтеуге және Техникалық овердрафтқа (ол бар болса) жол берген жағдайда есептелген комиссияны төлеуге;
- 7) Картаның сақталуын қамтамасыз етуге және оны үшінші тұлғаларға бермеуге;
- 8) Kaspi-ге Картаны алып қоюға, Тосқауылдауға, Стоп-параққа енгізуге байланысты барлық шығыстарды, егер Kaspi Клиенттің кінәсінен осындай өрекеттерді қолданса, даусыз орындалатын тәртіппен өтеуге;
- 9) Клиентке тиесілі емес ақша Клиенттің шотына қате аударылған жағдайда, бұл туралы Kaspi-ге дереу хабарлауга және Шот-көшірмені алған сәттен бастап немесе Kaspi-тен тиісті хабарламаны алған сәттен бастап 3 (үш) банк күні ішінде шотқа қате аударылған ақшаны Kaspi-ге қайтаруға;
- 10) Kaspi-ден Байланыс арнасы арқылы Шартты бұзыу туралы хабарлама алған кезде, Картаны/Карталарды пайдалануды дереу тоқтатуға;
- 11) Шотта Картаны пайдаланып төлем жасалған кезде жазылған төлем құжатын орындауға қажетті ақша сомасының болуын қамтамасыз етуге;
- 12) Клиенттің кінәсінен немесе Картада Тосқауыл қоюға байланысты Kaspi-дің шеккен шығыстары мен сот шығасыларын даусыз тәртіппен өтеуге;
- 13) Картаны пайдаланғаны үшін Kaspi-дің алдында толық қаржылық жауапкершілік атқаруға және бақылауға;
- 14) Шоттар бойынша операциялар жүргізген кезде Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын сақтауға;
- 15) Kaspi-дің талап етуімен Картаны пайдаланып жасалған валюта төлемдері бойынша растайтын құжаттарды Kaspi-дің тиісті талабын алған күннен бастап 3 (үш) банк күні ішінде беруге;
- 16) Картаның ұрланғаны, жоғалғаны немесе рұқсатсыз пайдаланылғаны туралы Kaspi-ге дереу хабарлауга;
- 17) Клиент Картаны алаяқтық жасау қаупі жоғары елдерде пайдалануын тоқтатқан сәттен бастап 3 (үш) банк күні ішінде Картаны қайта шығару үшін Kaspi-ге өтініш білдіруге және қайта шығарылған сәтте қолданыста болатын Тарифтерге сәйкес Картаны қайта шығару ақысын төлеуге міндеттенеді. Аталған талаптарды сақтамаған жағдайда және осыған байланысты осы Картада бойынша алаяқтық Операциялар туындағанда, Клиент Kaspi-дің барлық шығыстарын, сондай-ақ Kaspi-ге келтірілген залалды даусыз тәртіппен өтеуге тиіс. Осы Шарттың мақсаттары үшін алаяқтық жасау қаупі жоғары елдерге Сайттарда немесе ХТЖ сайтында аталған елдер жатады;
- 18) Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыштатуға) қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына және Kaspi-дің талаптарына сәйкес банктік шottарды ашуға және Клиентті сәйкестендіруге қажетті құжаттарды беруге;
- 19) ЭБҚК ережесіне сәйкес Логин ретінде Телефон нөмірін пайдалану арқылы Клиентке ашылған Жеке кабинетке қолжетімділік алу үшін www.kaspi.kz сайтында қажетті өрекеттерді жасауға;
- 20) Kaspi-ден ақпарат, соның ішінде Шот-көшірме жөнінде, электрондық түрде шығарған/қайта шығарған Картаның деректемелері туралы, ұсынылған Дербес талаптар, өзгерістер немесе жақсартулар туралы ақпарат алу үшін Клиенттің Жеке кабинетіне (тіркелу арқылы сәйкестендіріліп немесе логин мен парольді енгізіп) кіруге міндеттенеді.

7. Тараптардың құқықтары

7.1. Kaspi:

- 7.1.1. Kaspi пен Клиенттің арасында жасалған шарттарда көзделген тәртіппен және жағдайларда Клиенттің Kaspi-де ашылған кез келген банктік шотынан:
 - 1) Операциялардың;
 - 2) Тарифтерге сай қызымет үшін комиссиялардың;
 - 3) Осы Шарттың талаптарын және Картаны пайдалану ережесін бұзып, Картаны пайдаланудың нәтижесінде Kaspi-дің шеккен кез келген шығынының;
 - 4) Клиенттің шоты бойынша оның пайдасына ақшаның қателесін тұскенін күәландыратын бухгалтерлік жазба анықталған күннен кейінгі келесі банк күннен кешіктірмей Клиенттің шоттарына аударылған Клиентке тиесілі емес ақшасының;
 - 5) Клиенттің кез келген берешегінің сомасын тікелей дебеттеу арқылы алуға;
- 7.1.2. Егер комиссия төлем тапсырмасында бөлек белгіленбесе, комиссияны шottарға есепке жазу үшін аударылған ақшадан ұстап қалуға;
- 7.1.3. Шотқа ақша есепке жазылып қойылған жағдайда, Клиенттің ақшаны шотқа есепке жазуға нұсқауын кері қайтарудан бас тартуға;
- 7.1.4. Шотты дебеттеген күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн өткенде Операция жөнінде Клиенттің берген шағымын қарауға қабылдамауға;
- 7.1.5. Клиент Шартта және Картаны пайдалану ережесінде көзделген өз міндеттемелерін орындаған жағдайда, Клиенттен Картаның жоғалғаны, ұрланғаны немесе рұқсатсыз пайдаланылғаны туралы хабарламаны алғанда, Клиенттің шоттарындағы ақшасына тыйым салынғанда немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шottар бойынша шығыс операциялары тоқтатылғанда, шottарға

қойылған орындалмаған талаптар, Kaspi-дің алдында мерзімі өткізілген берешек болғанда, Клиентке және/немесе онымен тікелей немесе жанама байланысты тұлғаға елдер, одақтар, үйымдар енгізген халықаралық санкциялар, тыбымдар, шектеулер қолданылған жағдайда, кейіннен Картаны алып қою және осы Шартты біржақты сottan тыс тәртіппен бұзып немесе аталған әрекеттерсіз Картаны бұғаттауға, сондай-ақ берешек пен тұрақсыздық айыбын өтеуін талап етуге;

7.1.6. Төлем құжаттарында атауы, БСК (банктік сәйкестендіру коды), Клиенттің атауы, жеке сәйкестендіру коды, Клиенттің ЖСН, басқа да деректемелері көрсетілмегендеге не болмаса дұрыс көрсетілмеген жағдайда немесе цифрмен және сөзбен жазылған ақша сомасында алшақтытар болса немесе төлем валютасы банктік шоттың валютасына сәйкес келмеген жағдайда, шот бойынша операцияларды жүргізуден (нұсқауларды акцепттеуден) бас тартуға;

7.1.7. Клиент Картаны алуға өтініш берген күннен бастап қүнтізбелік 3 (үш) айдан астам Kaspi-ге келмегендеге немесе Өтінішке қол қойған күннен бастап қүнтізбелік 3 (үш) айдың ішінде ДСН-кодын алмаған жағдайда, Картаның күшін жойып, Шотты жабуға;

7.1.8. Картага тосқауыл қойылған кезде немесе оның қолданылу мерзімі өткенде Картаны немесе оның деректемелерін пайдаланып, Шот бойынша шығыс және кіріс Операцияларын (қолма-қол ақшаны алу, толықтыру, қолма-қол ақшасыз тәсілмен толықтыру, тауарлар мен қызметтердің ақысын төлеу және т.б.) тоқтата тұруға;

7.1.9. Шарт бойынша кез келген басқа міндеттеме орындалмағанда не болмаса Kaspi үшін кері салдары болуының нақты қаупі туындаған кезде, соның ішінде Клиенттің шартты жасасқанда немесе Операцияларды жүргізгенде шынайы емес мәліметтерді беруі фактісі анықталған кезде, егер Клиент сот процесіне тартылса және/немесе Клиенттің мүлкіне және/немесе шоттарына тыбым салынса немесе өндіріп алу қолданылса (немесе орын алуының нақты қаупі бар болса), Клиенттің психикалық-неврологиялық диспансерлерге, психиатриялық клиникаларға, есірткіге немесе ішімдікке төуелділіктен емдеу клиникаларына жатқызылуы туралы ақпаратты алған кезде, сондай-ақ, Kaspi-дің ойынша, Клиенттің Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындау мүмкіндігіне кері әсерін тигізу мүмкін өзге жағдайларда, қызмет көрсетуді тоқтата тұруға;

7.1.10. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдар немесе тұлғалар Шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұрғанда, Шоттағы ақшага тыбым салған жағдайда, Клиентке төлемдік Операцияны Авторландырудан және/немесе оның Шотынан ақшага алу операцияларын жүргізуден бас тартуға;

7.1.11. Клиенттен Қазақстан Республикасының валюта заңнамасына сәйкес Шот бойынша операцияларды жүргізуге қажетті құжаттарды беруін талап етуге;

7.1.12. Техникалық овердрафтқа жол берілген кезде осы Шот бойынша берілген барлық Карталарға тосқауыл қоюға құқылы. Картага тосқауыл қою және Шотқа ақшага салу қажеттігі туралы ақпаратты Kaspi Байланыс арнасы арқылы Клиенттің назарына жеткізеді;

7.1.13. Төлем құжатын алғанға дейін, Картаны пайдалану арқылы Авторландыру жүргізілген күннен бастап қүнтізбелік 30 (отыз) күнге дейінгі мерзімге Авторландыру сомасына шоттардағы ақшага тосқауыл қоюға;

7.1.14. Kaspi-дің ішкі талаптарына сәйкес Клиенттің атына ашылған шоттардың жеке сәйкестендіру кодын біржақты тәртіппен өзгертуге, ақшага қалдығыны осы шоттан Клиенттің жаңа жеке сәйкестендіру нөмірі бар шотына аударуға құқылы. Шот нөмірінің аталған өзгерісі туралы Клиентке мынадай бір немесе бірнеше әдіспен: Клиент Kaspi бөлімшелеріне келген кезде Байланыс арналары арқылы Kaspi-дің операциялық залдарына хабарландырулар ілу арқылы, сондай-ақ Сайтта жариялау арқылы хабарлауға;

7.1.15. Мұндай өзгерістер құшіне енгенге дейін 15 (он бес) күн бұрын Сайтта жариялау арқылы Шартқа және Картаны пайдалану ережесіне біржақты тәртіппен өзгерістер енгізуге;

7.1.16. Сайттарда жариялау арқылы Тарифтерге біржақты тәртіппен өзгерістер енгізуге құқылы. Өзгертілген Тарифтер Kaspi Шартқа сай осында өзгерістер туралы хабарлаған сәттен бастап өзгертілген түрінде деру күшіне енеді;

7.1.17. Мына жағдайларда:

1) Kaspi-ге төлемдік және басқа да құжаттарды, сондай-ақ Kaspi талап еткен және/немесе Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген, соның ішінде Қазақстан Республикасының заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасында көзделген тәртіппен және нысандарда ақпаратты бермеген жағдайда;

2) егер Операция қатысуышының және / немесе онымен тікелей немесе жанама байланысты адамға елдер, одақтар, үйымдар енгізген халықаралық санкциялар, тыбымдар, шектеулер қолданылса және (немесе) санкциялық элементпен, соның ішінде санкциялық тауарлармен/қызметтермен өзге де байланысы болса, сондай-ақ халықаралық санкцияларды бұзушылықтың ықтимал тәуекелдері болған жағдайда, Шот бойынша операцияларды жүргізуден (нұсқауларды акцепттеуден) бас тартуға немесе тоқтата тұруға;

7.1.18. Клиент Шарттың талаптарын бұзған жағдайда, Картаны пайдалануды тоқтатуға және/немесе тоқтата тұруға, сондай-ақ оны қайта қалпына келтіруден, ауыстырудан немесе жаңа Картаны шығарудан бас тартуға;

7.1.19. Картаны үшінші тұлғаларға берген кезде Картаны алып алуға, Шартты біржақты тәртіппен бұзуга және Клиенттен келтірілген барлық шығындарды (шығыстарды) Kaspi-ге өтеуін талап етуге;

7.1.20. Картага қызмет көрсету шотында ақшага болған кезде, оны Клиент пен Kaspi-дің арасында жасалған кез келген шарт бойынша туындаған Kaspi-дің алдындағы Клиенттің Берешегін өтеу үшін Клиенттің өкімінсіз (акцептсіз тәртіппен және/немесе тікелей дебеттеу арқылы) есептен шығаруға;

7.1.21. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінің талаптарына сәйкес Клиенттен заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мақсатында (оған қоса, бірақ шектелмей) шот бойынша жүргізілетін банктік операцияларға қатысты кез келген ақпарат пен құжатты талап етуге;

7.1.22. Шартта және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда Клиенттің шоттарын жабуға;

- 7.1.23. Kaspi-дің алдында Клиенттің мерзімі өткізілген берешегі болған кезде Шарт бойынша қызмет көрсетуді тоқтата тұруға;
- 7.1.24. Картаны шығару тәсілін (электрондық, пластик түрінде және т.б.) өз қалауынша айқындауға, қайта шығаруға және қайта шығарылған сette Kaspi-дің Шарт бойынша өзі айналысқа шығаратын төлем карточкалары үшін қолданатын/пайдаланатын сипаттамадағы (соның ішінде түрі, функциялары, сипаты, дизайны және т.б.) Картаны Ұстаушыға беруге;
- 7.1.25. Клиентке өз қалауынша Байланыс арналарының біреуімен, соның ішінде Телефон нөміріне SMS-хабарлар не Push-хабарламалар жіберу арқылы хабарламалар мен ақпаратты жолдауға;
- 7.1.26. Егер ол ЭБКК ережесінде көзделмеген немесе талаптарына сәйкес келмеген жағдайда Операцияларды жүзеге асырмауға **құқылы**.

7.2. Клиенттің:

- 7.2.1. Клиенттің жазбаша өтінішінің негізінде айна бір рет Шот-көшірмені жазбаша түрде тегін алып тұруға құқығы бар. Клиенттің қалауы бойынша қосымша Үзінді көшірме берілген жағдайда, Үзінді көшірме Тарифтерге сай ақылы негізде беріледі. Үзінді көшірме Байланыс арналары арқылы жолданады;
- 7.2.2. Картаны пайдалану ережесінде және Шарттың талаптарында көзделген тәртіппен Картага тосқауыл қою немесе оны тосқауылдан шығару туралы талабымен Kaspi-ге өтініш білдіруге;
- 7.2.3. Даулы Операция (Слиппен немесе чекпен) бойынша шағымды Шотты дебеттеген күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннің ішінде жолдауға құқығы бар. Олай болмаған жағдайда жүргізілген Операция расталған болып саналады және Kaspi кейінгі шағымдарды қабыл алмауы мүмкін;
- 7.2.4. Картаны тапсырғанда және Kaspi-мен барлық есеп айрысууды жүргізген кезде Шартты бұзуға бастама көтеруге;
- 7.2.5. Kaspi-ге жазбаша өтініш білдіру арқылы Операциялардың түрлеріне және белгілі бір уақыт кезеңі ішінде қосымша карта арқылы жұмыссауға қолжетімді сомага шектеу қоюға **құқығы бар**.
- 7.3. Байланыс арналарын пайдалануымен Клиент қажетті құпиялышық режимін қамтамасыз еткенін, барлық қажетті, соның ішінде зиян келтіретін компьютерлік бағдарламалардан қорғану үшін техникалық және бағдарламалық ресурстары бар екенін растайды және Шот көшірмелерді және Байланыс арналары арқылы берілетін өзге ақпаратты жіберген кезде құпия ақпараттың жария етілу қаупін өзі көтереді.

8. Жинақ шотына қызмет көрсету талаптары

- 8.1. Клиенттің жинақ шотын ашу және жүргізу және Шарттың аясында салымды орналастыру қызметтің көрсету мақсатында Kaspi электрондық банктік қызмет көрсету шартында көзделген тәртіппен және талаптарда жинақ шотын ашуы және/немесе жүргізу мүмкін.
- 8.2. Салым бойынша сыйақы мерзімі, мөлшерлемесі және ЖСК (егер Kaspi Шарттың аясында Клиентке мұндай қызметті көрсететін болса) Жеке талаптарда көрсетіледі не болмаса Байланыс арнасы арқылы, не болмаса өзге тәсілмен хабарланады.
- 8.3. Шарт бойынша салым сомасы – Картага қызмет көрсету шотындағы оң қалдықтың мөлшері. Қызмет көрсету аясында жинақ шот пен салым шартының талаптарына сәйкес салымды пайдаланғаны үшін төленетін сыйақыны есептеу үшін берешек болмаған кезде Картага қызмет көрсету шотындағы оң қалдық Клиенттің жинақ шотына аударылады. Оң қалдықтың ақшасына Картага қызмет көрсету шотына ақшаны автоматты түрде аудару арқылы қол жеткізіледі.
- 8.4. Жинақ шоты бойынша көрсетілген қызмет ақысы Тарифтерге сай төленеді.
- 8.5. Мультивалюталық қызмет көрсету ақысы Тарифтерге сай төленеді. Kaspi мультивалюталық қызмет көрсету қызметтің іске қосу тәртібін, сондай-ақ мультивалюталық қызмет көрсету ережесін айқындалап, Сайтта жариялау арқылы Клиенттің назарына жеткізеді.
- 8.6. Шарттың қолданысы тоқтатылған кезде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шартта көзделген өзге де жағдайларда жинақ шоты жабылуы тиіс.

9. Тараптардың жауапкершілігі

- 9.1. Тараптар Шартта көзделген өз міндеттемелерін орындағаны және/немесе тиісінше орындағаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілік атқарады.

9.2. Kaspi:

- 1) Клиенттің операциялары бойынша банк құпиясын жариялағаны үшін жауапкершілік атқарады. Аталған операциялар жөніндегі мәліметтер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және Шартта көзделген жағдайларда немесе Клиенттің келісімімен ғана үшінші тұлғаларға белгілі болуы мүмкін;
- 2) Шоттан дебетtelген сома, сондай-ақ осындан операция бойынша белгіленген комиссиялық сома шегінде қате жүргізілген операция үшін жауапкершілік атқарады. Бұл жағдайда Kaspi-дің жауапкершілігі қате жүргізілген операцияны жоюмен және аталған соманы қайтарумен шектеледі.

9.3. Клиент:

- 1) Шарттың, Картаны пайдалану ережесінің талаптарын тиісінше орындағаны үшін Kaspi-дің шеккен және оған келтірілген шығыстар мен шығасылардың толық көлемінде;
- 2) Жоғалған/ұрланған Картага тосқауыл қою туралы Банкке уақытылы хабарламаудың салдары үшін Kaspi-дің шеккен және оған келтірілген шығындарының толық көлемінде;
- 3) Шотқа қате аударылған ақшаны Kaspi-ке қайтармағаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қате аударылған ақшаның мөлшерінде;
- 4) Kaspi-дің қызмет ақысын уақытылы төлеу үшін;

- 5) Карта бойынша операцияларды жүргізген кезде Қазақстан Республикасының валюта заңнамасын және заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтамағаны үшін;
- 6) Карта жарамсыз болып танылған күннен бастап күнтізбелік 45 (қырық бес) күннің ішінде ХТЖ-ға төлеуге берген операциялардың сомасын уақтылы өтеу үшін;
- 7) Клиенттің кінесінен Kaspi-дің шеккен шығыстары мен сот шығасыларын өтеу үшін Kaspi-ге келтірлген залалдың толық көлемінде;
- 8) Клиенттің Картаны пайдалану ережесін және Шарттың талаптарын орындағаны немесе тиісінше орындағаны үшін келтірлген залалдың толық көлемінде жауапкершілік атқарады;
- 9) Клиент Картаның жогалу, ұрлану фактісі туралы немесе оны үәкілеттік берілмеген тұлғаның пайдаланғаны туралы хабарлағанға дейін Картаны рұқсатсыз пайдаланудың нәтижесінде Тараптардың шеккен шығындарын өтеу үшін;
- 10) Клиент төлем құжаттарын өзі болған елдің заңнамасының талаптары бұзып ресімдеген жағдайда, Шотқа ақшаны аударуды кешіктіргені/аудармағаны үшін;
- 11) Операцияларды жүргізген кезде Картаны ұстаушының қате әрекеттері үшін;
- 12) Кәсіпкерлік, адвокаттық, жеке нотариаттық қызметті, сондай-ақ жеке сот орындаушысы қызметін жүргізу мақсатында Шотты пайдаланғаны үшін келтірлген залалдың толық көлемінде жауапкершілік атқарады.

9.4. Тараптар міндеттемелерін толық немесе ішінара орындағаны үшін, егер ол еңсерілмейтін күш жағдайларының: су тасқынының, жер сілкінісінің және өзге төтенше және осындай жағдайларда алудын алуға болмайтын жағдайлардың салдарынан болса, жауапкершіліктен босатылады.

9.5. Шарт талаптары тиісінше орындалмағаны үшін Kaspi заңнамада айқындалған тұрақсыздық айыбын (занды тұрақсыздық айыбын) төлеуін талап етуге құқылы.

10. Шарттың қолдану мерзімі, оны өзгерту және бұзу

10.1. Шарт оны жасасқан сәттен бастап күшіне енеді және мерзімсіз қолданылады.

10.2. «10.2. Kaspi белгілеген нысанда Клиенттің қолы қойылған шотты жабу (Шартты бұзу) туралы Клиенттің өтінішін алғаннан кейін күнтізбелік қырық бес күннің ішінде немесе Клиент қашықтан байланысу арнасы арқылы шоттарды және Картаны жабу әрекеттерін жүзеге асырғаннан кейін Шарттың қолданысы тоқтатылуы мүмкін, ал Kaspi барлық келесі жағдайлар сақталған кезде:

- 1) Kaspi Клиенті Шарттың аясында шығарылған және берілген, бұрын Kaspi-ге қайтарылмаған және жоғалды/ұрланды деп мәлімделмеген барлық Карталарды қайтарғанда;
- 2) Клиент мерзімінен бұрын бұзатын күннің алдындағы ай үшін Шарт бойынша ақы мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлегенде;
- 3) Клиент Шарт бойынша көрсетілген қызмет және банк қарызы шарты бойынша барлық берешекті өтегенде, егер мұндай шарт бойынша Kaspi Картасына несие лимиті берілген болса, Клиенттің шотын жабуы мүмкін».

10.3. Шарт жасалған күннен бастап несие лимиті бар төлем карточкасын беру туралы шарттарға сай ұлтілік ережелердің аясында Клиентке кешенді банктік қызмет көрсетуге байланысты Тараптардың қарым-қатынастары Шартпен реттеледі.

10.4. Банктік шоттарға қызмет көрсету заңнамасында аталған негіздер бойынша және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге негіздер бойынша Шарттың қолданысы тоқтатылуы мүмкін. Бұл ретте Клиентке шотты жабу және Шартты бұзу туралы хабарлама жолданбайды.

10.5. Kaspi, соның ішінде Клиент шарттың талаптарын бұзған кезде, Шартты бұзатын күнге дейін бес жұмыс күні бұрын Клиентке хабарлап, Шартты бұзуға құқылы.

10.6. Шарт бұзылған кезде:

- 1) Шот бойынша ақша қалдығы Клиентке қолма-қол ақшамен беріледі немесе Клиенттен келіп түскен электрондық нысандағы немесе қағаз тасымалдаушыдағы нұсқауға сәйкес Клиенттің кез келген банктік шотына аударылады;
- 2) Банктік қызмет көрсеткені үшін Клиенттің төлеген ақшасы қайтарылмайды.

10.7. Шартқа сәйкес Kaspi біржақты тәртіппен енгізетін өзгерістер мен толықтыруларды қоспағанда, Шарттың барлық өзгерістері мен толықтырулары жазбаша түрде жасалғанда және оған қос Тарап қол қойғанда жарамды болады. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенде, соның ішінде ХТЖ ережелері мен жұмыс рәсімдеріне Шарт бойынша Тараптардың арасындағы құқықтық қарым-қатынастарын қамтитын өзгерістер енгізілген жағдайда, Шарттың ережелері де сәйкесінше өзгерілген немесе толықтырылған болып саналады. Шартты орындауға байланысты мәмілелер, соның ішінде Шарттың талаптарын, сауалнама деректерін және Дербес талаптарды өзгерту, жаңа мөлшерлерді енгізу немесе көбейту, Шартты орындауға байланысты комиссиялар мен өзге де төлемді алу тәртібін немесе талаптарын өзгерту, төлем жасау тәртібін, әдісін және тәсілдерін өзгерту екіжақты тәртіппен Байланыс арналары арқылы хабарлар алмасу арқылы Kaspi көздейген тәсілмен, атап айтқанда, ДСЖК, ДСН-кодын енгізу, электрондық және өзге құжат алмасу, Жеке кабинетте немесе электрондық терминалда әрекеттер жасау арқылы жасалуы мүмкін. Осы тармақта көзделген тәсілдердің бірімен жасалған мәмілелер Тараптардың келісімімен жазбаша түрде мәміле жасауға теңестірледі.

10.8. Kaspi Шарттың талаптарын біржақты тәртіппен өзгертуге, соның ішінде қарызға қызмет көрсетуге байланысы жоқ комиссиялар мен Тарифтерді өзгертуге және Шарттың аясында жаңа қызметтерді енгізуға құқылы. Бұл жағдайда қосымша келісім жасасу талап етілмейді. Мұндай өзгерістер туралы Клиентке мұндай өзгерістер күшіне енгенге дейін 15 (он бес) күн бұрын Байланыс арнасы арқылы хабарланады.

Жоғарыда аталған тәртіппен өзгерістер немесе толықтырулар енгізілген жағдайда, Клиент бұзғаны үшін қосымша комиссия төлеместен, мұндай өзгерістер немесе толықтырулар енгізілетін күнге дейін Kaspi-ге

жазбаша хабарлама жолдап, Шарттан бас тартуға құқылы. Операциялар жүргізу арқылы Клиент Шарттың жаңа талаптарымен көлісетінін раставиды.

10.9. Жаңадан енгізілген ақылы қызметтер келесі тәртіппен көрсетіледі:

- 1) Kaspi Шарт жасалған сәтте Шартта көзделмеген жаңа қосымша ақылы қызметтерді ұсынған жағдайда, Kaspi Сайттарда осындай жаңа қызметтерді көрсету талаптарын орналастыру арқылы Клиентке қосымша қызмет көрсетуді (қосуды) ұсыну туралы хабарламаны Байланыс арнасымен жолдайды. Клиентке қосымша қызмет көрсету (қосу) Клиент қызметті алу бойынша іс-әрекеттерді жасау, Шартта көзделген тәсілдермен ақпаратты сұрату, Байланыс арнасы арқылы қызмет көрсетуді раставу сияқты жарияланған қосымша қызмет көрсету талаптарында көзделген әрекеттерді және өзге де әрекеттерді жасаған жағдайда жүзеге асырылады;
- 2) Жаңадан енгізілген тегін қызметтер Kaspi көрсеткен күннен бастап көрсетіледі, бұл ретте Kaspi өз қалауы бойынша кез келген тәсілмен Клиентке хабарлайды.

11. Ерекше талаптар

11.1. Kaspi қосымша хабарлама жолдамай немесе шарттарда көзделген жағдайларда Байланыс арнасы арқылы оны жолдап, Дербес талаптарды толық немесе бөлігін көрі қайтаруға құқылы.

11.2. Сауда және сервис кәсіпорны мен Клиенттің арасындағы тауарларды беру/жұмыс/қызмет көрсету бойынша өзара қарым-қатынастар (жыныстықтау, орнату, техникалық, сервистік және кепілдік қызмет көрсету) сауда және сервис кәсіпорны мен Клиенттің арасында Kaspi-дің қатысуының өз бетінше реттеледі. Kaspi барлық жағдайда тауарды жеткізу/жұмыс/қызмет көрсету шартының орындалмағаны немесе тиісінше орындалмағаны үшін жауапкершілік атқармайды.

11.3. Клиент пен сауда/сервис кәсіпорнының арасындағы даулар мен көліспеушіліктер Kaspi-дің қатысуының өз шешіледі. Төлеуге берілген Операциялар бойынша даулар туындаған жағдайда, Kaspi Клиентке кеңес береді.

11.4. Kaspi қайтарылған тауар үшін сауда және сервис кәсіпорны қайтарып берген, Карта арқылы төленген ақшаның Клиенттің Шотына аударылуын қамтамасыз етеді, бұл ретте ақшаны қайтару операциялары сауда/сервис орны ресімдеген чектің/Слиптің негізінде ақшаны Шотқа есепке жазу арқылы қолма-қол ақшасыз тәртіппен ғана жүргізіледі.

11.5. Тараптар Шарт бойынша кейбір құқықтары мен міндеттерін Шарт бойынша екінші Тараптың жазбаша келісімімен ғана беруге жол берілетінімен келіседі.

11.6. Тараптар Шартты орындауға байланысты олар алмасатын ақпаратты құпия деп санауға және Шарттың талаптарына сай жағдайларды және Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес мұндай ақпаратты беру міндетті болып табылатын жағдайларды қоспағанда, оны екінші Тараптың жазбаша рұқсатының өз жария етпеуге келіседі.

11.7. Шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалды.

11.8. Клиент Өтінішке қол қойған жағдайда, Өтініштің күні мен Өтініштің тіркеу нәмірі сәйкесінше Шарт жасалған күн және Шарттың нәмірі болады.

11.9. Клиенттің Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін Kaspi-дің жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға еткізуге (беруге) құқығы жоқ.

11.10.Хат жазысы, Операциялар жүргізу және өзге де іс-әрекеттерді жасау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе Kaspi-дің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген жағдайларда электрондық цифрлық қолтаңба, ДСЖК немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін қорғау іс-әрекеттерінің элементтерін қолдану арқылы қорғалған байланыс арналары пайдаланылуы мүмкін.

12. Дауларды шешу және клиенттің өтініштерін қарau тәртібі

12.1. Клиент Картаны пайдаланып жүргілген нақты шығыс операциясымен көліспеген жағдайда, Шот дебетtelgen күннен бастап күнтізбелік отыз күннің ішінде Клиент осындай шағымның (болған кезде) негізділігін раставитын құжаттарды қоса тіркеп, бұл туралы Kaspi-ге жазбаша түрде хабарлайды. Көрсетілген мерзім ішінде Клиенттен мұндай хабарламаны алмау Картаны пайдаланып жүргілген шығыс операциясының дұрыстығына растава болып саналады.

12.2. Картаның рұқсатсыз пайдаланылу қаупін азайту мақсатында Kaspi даулы Операция бойынша тексеру жүргізген кезде, Картада Тосқауыл қоюды және/немесе оны алууды қосқанда, Клиенттің мұддесінде, өз қалауы бойынша Клиенттің шығындары мен шығыстарының алдын алу шараларын қолдануы мүмкін.

12.3. Клиенттің шағымдарын қарau мерзімі ішінде Kaspi даулы Операция сомасына төлем мен комиссияны есептейді, Клиент оларды Шартқа және Тарифтерге сай төлеуі тиіс. Клиенттің Картаны пайдаланып жүргілген даулы Операция бойынша шағым келтіруі Клиентті Шартқа сәйкес төлем жасау міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

12.4. Егер Kaspi Клиенттің даулы Операция жөнінде шағымдарын негізді деп таныса, Kaspi мұндай Операцияның сомасын немесе оның баламасын қайтарады.

12.5. Клиенттің даулы Операция жөніндегі өтініші бойынша жүргілген тексерудің нәтижесінде Клиенттің шағымы негіzsіз деп танылған жағдайда, Kaspi Клиенттен мұндай даулы Операция бойынша қызметтік тексеру жүргізуіне байланысты Kaspi-дің барлық шығыстарын нақты құны бойынша өтеуін талап етуге құқылы.

12.6. Kaspi Клиенттің өтініштерін, соның ішінде рұқсатсыз төлем жөніндегі, сондай-ақ Картаны пайдалануға байланысты өзге даулы операциялар туындаған кездегі өтініштерін осындай өтініштерді алған күннен бастап күнтізбелік отыз күннің ішінде қарайды.

12.7. Мына жағдайда: Қазақстан Республикасының резиденті емес банк желісінде Картаны пайдаланып операция жүргілген жағдайда, бұл туралы өтініш білдірушіге қарau мерзімі ұзартылған күннен бастап күнтізбелік 3 күннің ішінде жазбаша түрде хабарланады, Клиенттің өтініштерін қарau мерзімдері мұндай өтініштерді алған күннен бастап күнтізбелік 30 күннен, бірақ көп дегенде күнтізбелік 30 күнге асуы мүмкін.

12.8. Kaspi негізді шағым бойынша Клиентке ақшаны ол Kaspi-ге қайтарылған кейін ғана Kaspi-дің және/немесе ХТЖ нормалары мен ережелерін сақтай отырып қайтарады.

12.9. Карта бойынша рұқсатсыз төлем жасалған кезде Клиентке шығын келтірілген жағдайда, Kaspi Клиент рұқсатсыз төлем жасауда Kaspi-дің кінәсін растайтын құжаттарды берген кезде, Клиенттің тиісті жазбаша талабын алған сәттен бастап 30 күннің ішінде келтірілген залалды рұқсатсыз жасалған төлем мөлшерінде өтеуге міндеттенеді.

12.10. Тараптар даулар мен келіспеушіліктерді реттеу үшін барлық қажетті күш пен шараларды қолданады. Kaspi пен Клиенттің арасындағы келіспеушіліктер мен даулар келіссөздер барысында реттелмесе, онда дау Kaspi-дің қалауымен Kaspi-дің немесе оның филиалының орналасқан жері бойынша сотта қаралуға тиіс.

12.11. Тараптар осы Шартта көзделмеген қалған барлығында Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

* * *

Кешенді банктік қызмет көрсетуге қосылу шартына

№ 1 қосымша

Картаны пайдалану ережесі

1. Карта жөнінде ақпарат

- 1) Карта Ұсташыға не болмаса Ұсташы уәкілеттік берген тұлғаға пластик түрінде Kaspi-дің бөлімшесінде немесе Байланыс арналары арқылы электрондық түрде беріледі.
- 2) Карта мыналар үшін: сауда және сервис орындарында тауарлар мен қызмет ақысын төлеу; Kaspi мақұлдаған несие желілерінің аясында несиелер алу; мұндай операцияларды жүргізуге арналған банкоматтарда, терминалдарда қолма-қол ақша алу; Интернет желісінде ақша аудару және зат сатып алу үшін пайдаланылады.
- 3) Картамен жүргізілген операциялар, Картаның деректемелері туралы ақпаратты және басқа мәліметтерді www.kaspi.kz-те, Kaspi.kz мобилді қосымшасында Жеке кабинетте алуға болады.
- 4) Егер сіз Картаның жоғалғанын анықтасаңыз немесе оның заңсыз пайдаланылғаны туралы сізге белгілі болса, www.kaspi.kz-те, Kaspi.kz мобилді қосымшасында Карта тосқауыл қойының немесе 9999 телефон нөміріне (шетелден телефон соққан кезде +7 (727) 258-59-65, 258-59-89 телефон нөміріне) хабарлаңыз.
- 5) Ақшаныздың қауіпсіздігі үшін Сіз www.kaspi.kz-те, Kaspi.kz мобилді қосымшасында интернеттен зат сатып алу мүмкіндігін қосуыңызға немесе өшіруінізге және қолайлы соманы таңдауыңызға болады.
- 6) Картаның қолданылу мерзімі айдың екі цифрымен және жылдың соғы екі цифрымен белгіленеді. Карта мерзімнің соғы күнінен дейін (қоса алғанда) жарамды. Қайта шығару Картаның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін немесе кейін кез келген кезеңде жүзеге асырылуы мүмкін.
- 7) Ұсташының шағымдары Kaspi-ге жазбаша және электрондық түрде Қолдау көрсету қызметіне жолданады. Ұсташының өтініштерін қарау мерзімдері Шарттың талаптарында айқындалады.

2. Қауіпсіздіктің жалпы ережелері

- 1) ДСН-кодты және банк картасын басқа адамдарға берменіз.
- 2) ДСН-кодты банк картасына жазбаңыз. ДСН-кодты картамен бірге сақтамаңыз және оны немесе CVV-кодты басқа тұлғаларға хабарламаңыз.
- 3) Картага қызмет көрсету мәселелері жөнінде Kaspi-ге хабарласқан жағдайларды қоспағанда, Картаныздың деректерін (деректемелерін) (соның ішінде картаның нөмірін, картаның қолданылу мерзімін), ДСЖК, парольді ешкімге телефон арқылы хабарламаңыз.
- 4) Дербес деректеріңізді ешкімге хабарламаңыз. Сіздің пароліңізді, паспортыңыздың нөмірін, банктік картаның нөмірін және оның ДСН-кодын, банктік карта бойынша соғы операциялар туралы ақпаратты немесе басқа құпия ақпаратты сұратқан кез келген компанияға, сайтқа немесе тұлғаға күмәнмен қараңыз.
- 5) Картаны, мысалы, тауар немесе қызмет ақысын төлеген кезде қарастырылғанда, Операция жүргізгеннен кейін картаның Сізге тиесілі екенін көз жеткізіп, өз картанызды алуды ұмытпаңыз.
- 6) Банкомат орналасқан үй-жайға кіру үшін ДСН-кодты енгізуді талап ететін құрылғыларды пайдаланбаңыз.
- 7) Сенімсіз сауда және сервис үйімдарында, соның ішінде интернет-дүкендерде төлем карталарын пайдаланбаңыз. Интернет желісінде зат сатып алған кезде тексеруден өткен, сенімділігіне өзіңіз көз жеткізген интернет дүкендерді пайдалануға тырысыңыз.
- 8) Телефон/факс арқылы немесе интернет желісінде тауарларға немесе қызметке тапсырыс берген кезде ДСН-кодты пайдаланбаңыз. Интернет-транзакция жүргізу үшін ДСН-кодты енгізу талап етілмейді.

3. Клиенттерге қолдау көрсету қызметі

Картага қатысты барлық мәселе жөнінде «Kaspi Bank» АҚ Клиенттерге қолдау көрсету қызметіне тәулік бойы +7 (727) 258-59-65, 258-59-89, (ұялы телефоннан) 9999 телефон нөмірлері арқылы хабарласыңыз. Аймақтық Клиенттер көп арналы 8-800-080-1881 нөміріне хабарласа алады.

* * *